



Қазақстан Республикасының пошта саласын дамытудың және пошта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 қараша N 1716

Қазақстан Республикасының әлеуметтік, өндірістік және қаржылық инфрақұрылымының маңызды бөлігі ретінде ұлттық пошта желісінің мәнін тани отырып, пошта саласын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы

е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының пошта саласын

дамытудың және пошта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 15 қарашадағы
N 1716 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының пошта саласын дамытудың
және пошта-жинақ жүйесін қалыптастырудың
2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасы

Қазақстан Республикасының пошта саласын
дамытудың және пошта-жинақ жүйесін қалыптастырудың
2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасының
Паспорты

Бағдарламаның атавы

Қазақстан Республикасының пошта

саласын дамытудың және почта-
жинақ жүйесін қалыптастырудың
2000-2003 жылдарға арналған
бағдарламасы

Бағдарламаны өзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің
негіз 2000 жылғы 7 наурыздағы N 367

P000367_

қаулысымен бекітілген Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 2000-2002
жылдарға арналған іс-қимыл
бағдарламасын іске асыру жөніндегі
2000-2001 жылдарға арналған
іс-шаралар жоспары

Бағдарламаның бастамашысы Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникациялар министрлігі,
"Қазақстанның халық банкі" ашық
акционерлік қоғамы, "Қазпочта"
ашық акционерлік қоғамы

Бағдарламаның негізгі Қазақстан Республикасының Көлік
өзірлеушілері және коммуникациялар министрлігі,
"Қазақстанның халық банкі" ашық
акционерлік қоғамы, "Қазпочта"
ашық акционерлік қоғамы

Іске асыру мерзімі 2000-2003 жылдар

Бағдарламаның мақсаты тиімді почта-жинақ жүйесін
қалыптастыру

Бағдарламаның міндеттері почта саласын қазіргі заманғы
техникамен жарақтандыру,
корпоративті ақпарат желісін құру
және республика халқына жылдам

және сапалы қызмет көрсету үшін
жағдайлар жасау

Негізгі іс-шараларды Қазақстан Республикасының пошта
орындаушылар саласын дамытудың және пошта-
жинақ жүйесін қалыптастырудың
2000-2003 жылдарға арналған
бағдарламасының бірінші кезеңін
іске асыру жөніндегі 2000-2001
жылдарға арналған іс-шаралар
жоспарында анықталған

Қаржыландыру көлемі мен Ислам Даму Банкінің қаражаты
көздері есебінен жалпы сомасы 9 миллион
АҚШ долларына 12 жыл мерзімге
қаржыландыру

Күтілетін түпкі нәтижелер Қазақстанның пошта байланысы
Қазақстан Республикасының бүкіл
аумағын дерлік қамтитын және
Қазақстанның кез келген азаматын
пошта-жинақ қызмет көрсетуімен
қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар кең
филиалдық желілі қуатты жеткізу
жүйесіне ие болады

Kіріспе

Почта байланысының желісі ел үшін маңызды міндетті - азаматтардың ақпарат
алуға, таратуға және беруге арналған конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету
м і н д е т і н о р ы н д а й д ы .

Почта байланысы неғұрлым бұқаралық хабарламаларды, құжаттар мен тауарларды
беруге арналған арна болып табылады. Почта байланысының қызмет көрсетуіне тән
тұтынудың бұқаралық әлеуметтік сипаты оны қоғамдық өндірістің инфрақұрылымына
жатқызады. 80-жылдардың аяғында басталған әлемдік почтаны коммерцияландыру
кезеңінде экономиканың осы секторының дәстүрлі қатаң орталықтандырылған
құрылымы почтаны уақытша және материалдық аз шығындармен қайта құрылымдауға

мүмкіндік берді. Мемлекет тарапынан болатын қатаң бақылаудан тиісті нормативтік құқықтық кесімдер арқылы жалпы қадағалауға көшкеніне қарамастан, бүкіл әлемде пошта өзінің әлеуметтік міндеттерін жоғалтқан жоқ. Коммерцияландыру неғұрлым жоғары сапалы жаңа қызметтер көрсетуді ұсынуға, сондай-ақ қолда бар өндірістік резервтерді пайдалануға негізделді. Почта қызметімен қатар, поштаның рентабельділігі мен қызмет көрсетудің әмбебап кешеніне қол жеткізген тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыратын қаржылық қызметтер де көрсетіле бастады.

Почта байланысы нарықтық экономиканы қалыптастыру мен қофамды ақпараттандыру жағдайында кәсіпкерліктің, қаржы-жинақ қызметтерін көрсетудің, бағалы қағаздаррының, ақпаратпен алмасудың дамуына септігін тигізетін нарықтық және ақпараттық инфрақұрылымның маңызды элементіне айнала бастады. Қазақстан Республикасының ерекшелігін, оның үлкен аумағын, көлік желісінің дамымағанын, халық тығыздығының төмендігін және елді мекендердің бір бірінен шалғай орналасқандығын ескерсе, почта байланысының тиімділігін арттыру қажеттілігі

көп

есе

арта

түседі.

Бағдарламаның стратегиялық мақсаты қазіргі заманғы технологиялар мен халықаралық ынтымақтастықтың прогрессивтік нысандарының негізінде пошталық та, қаржылық та қызметтер көрсетудің кең спектрін ұсынатын тиімді пошта-жинақ жүйесін қалыптастыру болып табылады. Алға қойылған мақсатқа ол жеткізу мемлекеттің саланы дамытуға белсенді қатысуын, барлық мұдделі тараптардың осы бағыттағы күшін тығыз үйлестіруді және біріктіруді көздейді.

Почта саласының қазіргі жай-күйін талдау

Жалпы экономикалық жағдайдың нашарлауы, өнеркәсіп кәсіпорындарының жабылуы, бюджеттік ұйымдардың шығыстарының қысқартылуы және халықтың төлем қабілетінің төмендеуі ел ішіндегі де, елден тысқары шығатын да хат-хабармен пошталық алмасудың күрт төмендеуіне әкеп соқты. Осының салдарынан Қазақстан Республикасында соңғы сегіз жылдың ішінде пошта жөнелтімдерінің саны үш еседен аса

азайды.

Осы үрдіске бола, байланыс бөлімшелері мен пошта қызметкерлерінің саны екі еседен аса

азайды.

Сонымен қатар, пошта тарифтерінің өсуі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында (ТМД) оны ең жоғары етті, бірақ олар саланың шығындарын жаппады, осының салдарынан поштада негізгі құралдарды жетілдіру мен жаңартуға, жаңа техника сатып алуға, ғимараттарды жөндеуге, жаңа қызмет көрсету түрлерін ендіруге қаражат болмады. Негізгі құралдардың тозуы және техникалық прогрестен күннен-күнге қала беру қызмет көрсету сапасының төмендеуіне әкеп соқтырды және клиенттердің одан сайын азаюына ықпал етті. Мемлекеттік бюджет поштаның әскери хат-хабарларды

ақысыз жөнелту, арнайы және фельдъегерлік почтаны жеткізу және т.б. сияқты қызметтер көрсетуге байланысты көптеген шығындарын жаппады.

Почталық алмасудың (әсіресе, іскерлік хат-хабар бөлігінде) төмендеуіне әлеуетті клиенттердің жаңа жоғары жылдамдықты байланыс түрлерін, әсіресе, факсимильдік байланыс пен электрондық почтаны кеңінен пайдалануы ықпал етті. Почта саласындағы жағдайды қаржы ресурстарын тартусыз тұрақтандыруға тырысу уақытша ғана әсер етті, себебі почта ауылдық жердегі шығынды желіні ұстау жөніндегі едәуір қаржылық жүктемені көтеруде және оның жетілдіруді қаржыландыру үшін ішкі көздері жоқ, ал жетілдірусіз шығындарды азайту да, қызмет көрсету сапасын арттыру да

мұмкін емес.

Міне осылай, жаңа жағдайда бәсекеге төзімділігін қамтамасыз ету мақсатында почта қызметін жетілдіру мен реформалауға аса қажеттілік іс жүзінде туындағы.

Бұл қажеттілікті Қазақстан Республикасының Үкіметі мойындағы, ол 1999-2001 жылдарға арналған (2000 жылға арналған) Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына почта байланысын жетілдіру жобасын қаржыландыруды қости. Жобаны іске асыру почта қызметінің жұмыс сапасын арттыруға, почта бөлімшелерінде кең спектрлі қаржылық қызметтер көрсетуге, банк қызметтерін көрсетуді жылжыту бойынша, сақтандыру ұйымдарының, брокер-дилерлердің, бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың агенттік желісін құруға

мұмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі почтаның стратегиялық маңыздылығын және өзінің саланы дамыту жөніндегі ниетін атап өте отырып:

1. Қазақстан Республикасының почта саласын тұрақтандыру және қаржылық сауықтыруға, сала құрылымын қайта ұйымдастыруға, жалпы пайдаланымдағы почта байланысы желісінің операторына банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру мәселесін шешуге;

2. почта тарататын жеке тұлғалардың қаражатын алғашқы және қайталама рыноктарда мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыруға. Осыған байланысты почта саласында тармақталған филиалдық желінің негізінде брокерлік және қаржы қызметінің басқа да түрлерін дамыту және республиканың қорыногына халықтың қаражатын тікелей тарту бойынша жақсы перспективалар пайда болды.

3. мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жалақыны, стипендияларды, зейнетақыларды, жәрдемақылар мен басқа да ақшалай төлемдерді төлеу тәртібін жетілдіруге бағытталған бірқатар нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдады.

Осы шараларды қабылдау нәтижесінде почта ұсынатын қызметтер көрсету тізбесі кеңейді. Дәстүрлі қызмет көрсету түрлерінен (жазбаша хат-хабарды қабылдау, жіберу және тапсыру, жолдама заттарды қабылдау, жіберу және тапсыру, ақшалай почта аударымдарын қабылдау және төлеу, мерзімді басылымдарға жазылуды қабылдау,

филателиялық қызметтер көрсетеу, коммуналдық қызмет көрсетеу үшін төлемдерді қабылдау және т.б.) басқа валюта айырбастау операциялары, халықтың депозиттерін қабылдау және тартылған қаражатты мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру, кассалық қызмет көрсетеу, ақшалар мен құндылықтарды инкассалау және тасымалдау, бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында брокерлік қызметтер көрсетеу, зейнетақы қорлары үшін клиенттерді тарту және шарт жасасу бойынша агенттік қызметтер көрсетеу, трансфер-агенттің бағалы қағаздар рыногында қызметтер көрсетеуі сияқты жаңа бағыттар пайда болды.

Халықаралық жеделдетілген почта, ұлттық жеделдетілген почта, электрондық почта сияқты қызметтер ұйымдастырылды.

Құрылымдық қайта құру шенберінде 1999 жылдың екінші жарты жылдығында почта байланысының еншілес кәсіпорындарын филиалдар етіп қайта тіркеу жүргізілді, бұл жаңа қызметтер көрсетуді аймақтарға жоспарлы жылжыта бастауға, саланы басқаруды реттеуге, орталық аппараттың басқару және үйлестіру функцияларын күшейтуге, үстеме шығыстарды азайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның почта жүйесінің ұйымдық құрылымы 4 негізгі деңгейден тұрады. Бірінші деңгей - облыстық филиалдарға тікелей басшылық ететін, почтаның республикалық деңгейдегі жұмысын ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыратын және почтаны халықаралық деңгейде білдіретін "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Қазпочта") орталық аппараты. Екінші деңгей - "Қазпочтады" Астаналық және 14 облыстық филиалдарын, сондай-ақ функционалдық филиалдары - Алматы және Астана почта тасымалдау бөлімшелерін, Алматы мамандандырылған автокөлік кәсіпорнын, Республикалық арнайы байланыс торабын біріктіреді. Үшінші деңгейді 156 почта байланысы тораптары, оның ішінде 23 - қалалық және облыстық филиалдарға бағынатын және қала, аудан аумағында почта жіберілімдерінің барлық түрлерін қабылдауды, өндеуді, тасымалдауды және табыс етуді қамтамасыз ететін 133 аудандық тораптар құрады. Төртінші, ең көп санды деңгей - "Қазпочтады" 3424 бөлімшесі, оның ішінде 581 - қалаларда, 2843 - ауылдық жерлерде (почта жіберілімдерін тікелей қабылдау мен табыс етуді жүзеге асырады, осында бөлшек сауда пункттері ұйымдастырылған).

"Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорнын және оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 1940 Р991940_ қаулысы почта саласын одан әрі дамытуды айқындастын негізгі құжатқа айналды, оның негізінде Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорны мемлекеттік 100 пайыздық қатысуымен "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы болып қайта құрылды, оның акцияларының мемлекеттік пакеті "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" (бұдан әрі - "Халықтық Банк") ашық акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті мен "Халықтық Банкі

" арасындағы келісім-шарт жағдайында басқару берілді.

Қаулы почта-жинақ жүйесі мен "Халықтық Банк" арасындағы қаржылық қызмет көрсету рыногы қызметінің тиімділігін жоғарылатуға әкелетін түрлі сегменттерді ұтымды бөлісуді қарастырады, Келісім-шарттың шарттары мыналарды:

1. Почта байланысын жаңарту жобасын және Қазақстан Республикасының Почта саласын дамыту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру бағдарламасының сәйкес кезеңін (ақпараттандыру, көлікті жаңарту, ғимараттарды жөндеу және жаңарту, почта жөнелтілімдерінің және почта қауіпсіздігінің жалпы қауіпсіздік жүйесі) іске асыруды;

2. "Қазпочтаның" зейнетақыларды, стипендияларды, жәрдемақыларды,

жалақыларды төлеу жөніндегі іс-шараларына келісілген кесте бойынша қатысады;

3. "Халықтық Банкінің" "Қазпочта" жабдықтарын қоса инкассация қызметін беруді;

4. Почталық төлем карталардың ұлттық жобасы және халықаралық почталық төлем картасының жобасы бойынша қажетті қаржыландыруды бөле отырып, жұмысты жалғастыруды;

5. Филиалдық жүйелердің қызметін оңтайландыру, қайталауды жою және шығындарын қысқарту мақсатында "Халықтық Банкті" және "Қазпочтаны" қайта құрылымдауды;

6. Коммуналдық төлемдерді және салықтарды "Қазпочта" бөлімшелері арқылы жинауды ұйымдастыруды;

7. Почта желісін бүгінгі деңгейде сақтауды;

8. "Қазпочтаның" кредиторлық және дебиторлық берешектерді қысқартуды;

9. "Қазпочтаның" қаржылық тұрақтылығын әрі қарай нығайтуды;

10. Бірлескен жарнамалық кампанияларды және қызметшілерді оқыту жөніндегі бағдарламаларды жүргізуіді;

11. "Қазпочта" базасындағы тәуелсіз почта-жинақ жүйесін "Халықтық Банктегіден" кем емес халықтың депозиттері көлемімен құруды қамтиды.

Басқару мерзімі - 2 жыл, бірақ мемлекеттік меншіктегі "Халықтық Банктің" акциялар пакетін 50% +1 акция мөлшерінде сақтау кезеңінен артық емес.

Сонымен қатар, қабылданған шаралар саланың көптеген мерзімі жеткен мәселелерін шешілмеген күйінде қалдырыды. Олардың негізгілері мыналар болып т а б ы л а д ы :

Арнайы заңнаманың жоқтығы. Бүгінгі күні почталық қызмет көрсетулер т у р а л ы а р н а й ы з а н ж о қ .

Почта байланысы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңның

қолданыстағы базасы қазіргі заманғы талаптарға жауап бермейді. Қаржылық заңнамада почта-жинақ жүйесінің қызметін реттеу тетігі көрсетілмеген.

Темен және сараланбаған тарифтер. Почтаның тасымалдау көлемінің азаюымен қарсылық көрсеткіштер едәуір нашарлады. Қазіргі кезде бірқатар баптар бойынша бекітілген тарифтер өзіндік құнынан 20-40%-ға төмен. Бұдан басқа, елдің ішінде жазбаша хат-хабарды жеткізу кезінде почталық жөнелтілімдердің ұзақтығы мен жеделдігіне байланысты тарифтерді саралау жүзеге асырылмайды.

Табиғи монополизм. Почта жүйесі монополияға қарсы заңнамамен почта байланысының қызмет көрсетулерін ұсыну саласындағы табиғи монополистерге жатқызылған. Сонымен бір мезгілде, почталық қызмет көрсетулерді ұсынумен және осырындық шартынан (оның ішінде шетелдіктер) айналысады.

Көліктік-пайдаланушылық жоғары шығындар. Үлкен аумақты және халықтығыздығы төмен барлық елдердің почта байланысының ерекшелігі көлікті пайдалануға және аймақтық желіні ұстауға жұмсалатын тұрақты шығындардың жоғары деңгейі болып табылады. Жағдай почталық және электр байланысын бөлу кезінде жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгеге ғимараттар, құрылыштар, жабдықтар, көліктік құралдар құрамындағы негізгі құралдар почта балансына берілгенде қындейтін түсті. Ғимараттар, әдетте, почталық үлкен айырбастауға есептеліп жобаланған, артық аландары бар және шағын қалалар мен аудан орталықтарында орналасқан. Негізгі құралдардың елеулі материалдық шығыны қызмет етуге және жөндеуге ірі капитал салуды талап етеді.

Ескірген техникалық база.

Почта байланысын қаржыландыру қалдықты қафіда бойынша жүзеге асырылды. Үлкен материалдық-техникалық базаның ұдайы артта қалуының себебі болды.

Қолданылатын почта технологиялары 70-жылдардан бастап сақталған. Іс жүзінде хат-хабарларды өндеу жөніндегі операциялардың басым көпшілігі қолмен атқарылады. Сұрыптау техникасы моральдық та және іс жүзінде де ескірген, оның пайдаланылуы үлкен қуаттарға байланысты қымбат.

Тұластай алғанда, қолдағы ақпараттық-технологиялық база қазіргі заманғы талаптарды қанағаттандырмайды және почта саласында тиімді басқаруға және қызмет көрсетулерді дамытуға ықпал ете алмайды. Почтаны ақпараттандыру саласындағы жаңа технологияларды енгізусіз, кадрларды даярлау жөніндегі қазіргі заманғы орталықтарды ұйымдастырусыз, елеулі инвестицияларсыз Қазақстан почтасының үлкен проблемалары шешілмейді.

Техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі шешімдермен қатар, басқару процестерін автоматтандыру, жинақтау, өндеу және почталық құжат айналымының телекоммуникациялық арналары бойынша ақпараттар беру мәселесі көкейкесті болып табылады. Бірінші кезекте кассалық операциялар мен төлемдердің электронды ресімдеу, ілеспе құжаттамаларды, есепке алу және есеп беру, почталық жөнелтілімдердің өтуін

бақылау талаптарынан туындайтын ақпараттық-технологиялық міндеттерді автоматтандыру жатқызылады.

Кедендік тексерудің қолайсыз әдістері. 1992 жылғы тамыздан бастап Қазақстан Республикасы Бүкіләлемдік пошта одағының мүшесі болып табылады. Сонымен бір мезгілде, пошта жөнелтілімдерін кедендік тексерудің қолда бар рәсімі қазақстандық почтаның бүкіләлемдік пошта жүйесіне кіргізуңы ықпал етпейді. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы орын ауыстыратын халықаралық пошта жөнелтілімдеріндегі тауарларды кедендік ресімдеу жөніндегі Нұсқаулыққа сай шекарарадан өткізілетін барлық пошта жөнелтілімдері рентгендік бақылау жолымен кедендік тексеруге ұшырайды. Алайда, тәжірибеде жолдама заттардың көбісі ашылады және қаралғаннан кейін қайтара қапталады, ол өзінен кейін ішіндегі заттардың араласып кетуіне және қаптауға қосымша шығыстардың жұмсалуына әкеледі. Осының салдарынан тұтынушылардың почталық қызмет көрсетулеріне наразылықтары тұындаиды.

Тұтынушылардың жекелеген санаттарына жеңілдіктердің бар болуы. Қолданылып жүрген заңнамаға сай, жедел қызметтің әскери қызметшілерінің жазбаша хат-хабарды тегін жолдауға құқығы бар, алайда мемлекеттік бюджеттен немесе өзге де көздер есебінен осыған байланысты пошта байланысының шығыстарын қалпына келтіру көздөлмеген.

Кадрлар даярлығының нашарлығы барлық деңгейдегі пошта қызметкерлерінің біліктілігін және қайта дайындығын жоғарылату жөніндегі меншікті оқу орталығының, бағдарламалар мен семинарлардың жоқтығынан туындаған.

Еңбектің төмен уәждемесі сала бойынша жалпылай алғанда еңбекке ақы төлеудің төмен деңгейіне және қаржының тұрақты тапшылығына байланысты.

Почта жүйесінің дамуы, сондай-ақ мынадай геоэкономикалық факторлармен се бе п т е л г е н е д і :

Құрылыштілік орналасу. Құрылыштілік орналасуы және тек үш елмен (Ресей, Қытай және Өзбекстан) көліктік тиімді айырбасы бар бола тұра. Қазақстан өзі үшін почталық алмасу жөнінде де қолайсыз экономикалық позицияда болып отыр. Іс жүзінде, авиа хат-хабарларды қоспағанда, пошта хат-хабарларының негізгі бөлігін республика Ресей Федерациясының аумағы арқылы жібереді.

Үлкен аумақ. Қазақстанның келесі ерекшелігі үлкен аумағы (2,7 млн. шаршы км.) және нәтижесінде хат-хабарларды географиялық қысқа жолмен көбінесе жіберуге болмайтын көліктік дамымаған инфрақұрылым болып табылады.

Теміржол көлігін басымдылықпен пайдалану. Ішкі әуе рейстерінің тұрақсыздығы және жоғары бағасы теміржол көлігінің қызмет көрсетулерін пайдалануға мәжбүр етеді, ол почталық жөнелтілімдердің жеткізілуін бірнеше сағаттан 11-12 күнге дейін ба я у л а т а д ы .

Экономикалық жалпы құлдырау. Жалпы экономикалық жағдайдың нашарлауы,

өнеркәсіптік кәсіпорындардың жабылуы, бюджеттік ұйымдар шығыстарының қысқаруы және жүртшылықтың төлеу қабілетінің төмендеуі почта байланысының қызмет көрсетулеріне сұраныстың күрт төмендеуіне алып келді.

Мақсаты мен міндеттері

Қазақстандық почта саласының миссиясы Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына және занды тұлғаларға тұрған жеріне байланыссыз (занды тіркеуге) почталық және қаржылық қызметтер көрсетудің кең спектріне енуді ұсыну мүмкіндігінде болып табылады.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу:

1. Қажетті нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру және жетілдіру;
 2. Ақпараттық инфрақұрылымды құруды және жоғары сенімді, жүрдек және қорғалған ақпарат беруді ұйымдастыруға бағытталған, дәстүрлі емес жаңа қызмет көрсетулерді (оның ішінде, почта-жинақ) игеру және өндөудің компьютерлік бірыңғай орталығын құруды көздейтін почта байланысын ақпараттандыру;
 3. Почта саласына зейнетақылар мен жәрдемақыларды жеткізу және төлеу, коммуналдық төлемдерді жинау жөніндегі жоғалған функцияларды қайтару;
 4. Почта жөнелтілімдерінің физикалық көлемдерін корпоративті клиенттермен жұмыс істеу жолымен, почталық қызмет көрсетулерінің жаңа түрлерін игеру жолымен тұрақтандыру және одан кейін арттыру;
 5. Почта саласы жұмысының сапасын қазіргі заманғы технологияларды қолдану, почталық жөнелтілімдерге бақылаудан өту, басқарушылық шешімдердің жаңа құрылымына және қабылдау мен іске асыру технологиясына өту есебінен жоғарылату;
 6. Оларды кейіннен қазақстандық экономиканың дамуында мемлекеттік құнды қағаздар рыногы арқылы оларды кейіннен енгізумен халықтың еркін ақшаларын депозиттерге тартуды көздейтін почта-жинақ ісін ұйымдастыру және дамыту;
 7. Қаржылық қызмет көрсетулердің жаңа түрлерін (құнды қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызмет көрсетулері, делдалдық қызмет көрсетулер және т.б.) дамыту ;
 8. Почта саласы үшін кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін құру;
 9. Жөнелтушілерге почта жөнелтілімдерінің сақталымына кепілдікті қамтамасыз ететін, ал почта байланысының қызметкерлеріне - өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ететін почта қауіпсіздігінің қазіргі заманғы жүйесін құрғу ;
 10. Қазақстан Республикасының почталық саласының әлемдік почта жүйесіне интеграциялануын әрі қарай тереңдету, шетелдік почта әкімшіліктерінің алдыңғы қатарлы жетістіктерін зерттеу және енгізу қажет.
- Почта саласын қайта реформалаудың басымдықтары:

- почта байланысының экономикалық және қаржылық тұрақтылығы - несиелік жүйелер бойынша тәуелсіз көздерден қаржыландыру, қызмет көрсетулердің тізбесі мен сапасын арттыру есебінен кіріс алу;
- елдің барынша аумақтық қамтылуын сақтау мақсатымен аймақтық

инфрақұрылымды оңтайландыру;

- ұсынылатын қызмет көрсетулер номенклатурасының сапасын жақсарту және кеңейту.

Жоғарыда санамаланған міндеттердің іске асырылу қажеттілігі осы почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған осы бағдарламаны қабылдауға себеп болды.

Бағдарлама Қазақстан-2030 Даму стратегиясына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама почта саласының негізгі мақсаттарын, міндеттерін және даму бағыттарын айқындайды және жоспарланған іс-шаралардың кезең-кезеңмен орындалуын, сала дамуының қазақстандық бүкіл экономиканың реформалануымен тығыз байланысуын көздейді. Бағдарламаны іске асыру 2 кезеңмен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың негізгі бағыттары

Бірінші кезең (2000-2001 жылдар)

Нормативтік құқықтық базаны дамыту

Таяудағы уақытта Қазақстан Республикасының "Почта туралы" Заңын қабылдау қажет. Бұл заң почта секторының нормативтік құқықтық базасын дамыту үшін негіз болуы тиіс. Заңды қабылдау почталық байланыс саласындағы құқықтық, ұйымдастырушылық, экономикалық реттеу негіздерін айқындауға, сондай-ақ почта байланысының қызметтің немесе пайдаланатын мемлекеттік органдардың өкілеттігін, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Казіргі кезде заң жүзінде почталық, қызмет көрсетулер рыногында халыққа және заңды тұлғаларға қызмет көрсететін көптеген компаниялар жұмыс істейтіндіктен "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Z980272_ Заңына өзгерістер енгізу жолымен почталық байланыстың қызмет көрсетулерін табиғи монополиялар қызметінің саласынан шығару қажет.

Почта жүйесін реформалау процесін қолдау мақсатында өткен жылдардың

бюджетіне салық және басқа да төлемдер жөніндегі берешектерді өтеу кестесін
да ындау қажет болады.

Почталық алмасуды ұлғайту халықаралық жолдама заттарды 31 килоға дейін және
құны 1000 АҚШ долларына дейін кедендей баждан босату арқылы ынталандырылуы
ти іс.

Мерзімді басылымдарды жеткізу және жолдау жөніндегі қызметтер көрсетуді
көптеген компаниялар (оның ішінде шетелдіктерде) көрсететіндіктен, қызмет
көрсетулердің осы түрін табиғи монополистердің мемлекеттік тізіліміндегі
монополиялық санынан алып тастау орынды.

Почта-жинақ жүйесі қаржы институтының ерекше түрі болып табылады және соған
сәйкес реттеудің жеке тетігін әзірлеуді қажет етеді. Демек, қаржылық-банктік саланы
реттейтін нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының "Қазақстан
Республикасының банктер мен банктік қызметтер туралы" Z952444_ Заңын қоса
алғанда, өзгерістер енгізу, сондай-ақ уәкілетті органдармен (Қазақстан
Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі,
Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы)
қолданыстағы жаңа нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және оның ішінде
қадағалау мен есеп беру мәселелерін реттейтін актілерді басып шығару қажет.

Почта-жинақ жүйесін құралу

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір банкілік операциялар түрлерін
жүзеге асыруға бар лицензия негізінде халықтың жинақ ақшаларын, кейіннен оларды
мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру арқылы жұмылдыру оның
функцияларының бірі болып табылатын толыққанды почта-жинақ жүйесін құру үшін
ұлттық почта желісі пайдаланылатын болады.

Почта-жинақ жүйесін қалыптастыруды маңызды қадам "Халықтық Банк"
инфрақұрылымындағы жекелеген секторларды почта байланысының жалпы пайдалану
операторына, ең алдымен аудандық және ауылдық деңгейде беру болуы тиіс.

Осы іс-шара почта жүйесінің ғана емес. "Халықтық Банктың" де тиімділігін
арттыруға әкелуі тиіс. Филиалдардың тармақталған желісінің жұмыс істеу
рентабельділігі едөуір артады, ол "Қазпочта" бөлімшелерінің аймақтық желісін бүгінгі
деңгейінде сақтауға мүмкіндік береді. Филиалдық желіні оңтайландыру үй-жайларды
қайта құруға, ұстауға және пайдалануға, "Қазпочта" бөлімшелері мен тораптарын
жаңартуға, қызметшілерді оқытуға және жарнамаға жұмсалатын шығындарды
қысқартуға мүмкіндік береді. Осылайша, почта байланысы ұлттық операторының "
Халықтық Банкпен" бірлесуі екі институттың да шығыстарын төмендетеді және
халықтың жинақ ақшаларын жұмылдыру көлемдерін арттыруға ықпал етеді.

Почта-жинақ жүйесін қалыптастыру мынадай іс-шараларды:

- почта жүйесіне "Халықтық Банктің" аудандық филиалдары мен банк бөлімшелері деңгейінде аймақтық инфрақұрылымды, ғимараттарды, құрылыштарды, жабдықтарды, өзге де негізгі құралдарды және мұкаммалды, сондай-ақ өтелген төлемдік технологиялар мен салымдарды, төлемдерді есепке алу жүйесін қоса алғанда, бірте-бірте барууді;

- почта саласының зейнетақылар, жәрдемақылар және бюджеттік өзге де әлеуметтік төлемдерді бірте-бірте қайтаруды;

- мемлекеттік бюджеттік мекемелерге, көлік-коммуникациялық кешенің кәсіпорындарына және басқа ұйымдарға айлық жалақыны, стипендияларды, жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша қызмет етуді;

- "Халықтық Банкпен" бірлесіп коммуналдық төлемдер және салықтарды жинауды үйимдастыруды;

- "Қазпочта" бөлімшелерінде ашылған барлық жеке есеп-шоттарды салымдар бойынша пайыздарды автоматты қосу және операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету үшін орталықтандырылған жүргізуіді;

- екінші деңгейлі банктерге заңды тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі агенттік қызмет көрсетулерді;

- корреспонденттік есеп-шоттардың меншікті жүйесінің қалыптастырылуы аяқталғанға дейін почта-жинақ жүйесіне қызмет көрсету жөніндегі "Халықтық Банктің" женілдік тарифтерінің орнатылуын;

- материалдық базаны және техникалық жарактандыруды жақсартуды;

- почта-жинақ желісін жаңарту және оның негізінде қазіргі заманғы меншікті төлемдік жүйені құруды орындау барысында жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, банк филиалдарының желісі нашар ауылдық жерде почта заңды тұлғаларға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі функцияларды орындастын болады.

Почтаны компьютерлік және бағдарламалық қайта жарактандырудың басталуы. Жаңа технологияларды енгізу

Почта байланысын ақпараттандыру кешенді сипат алады және меншікті ақпараттық инфрақұрылымды құруды көздейді. Ол мыналарға:

- өндеудің бірыңғай компьютерлік орталығын құруға;

- электрлік байланыс арналары бойынша ақпараттың сенімді, жүрдек және қорғанысты берілуін ұйымдастыруға;

- дәстүрлі емес жаңа қызмет көрсетулерді игеруге;

- почта байланысының технологиялық, жедел-шаруашылық және басқарушылық міндеттерін қамтамасыз етуге;

- саланың жаңа техникалық және ақпараттық-технологиялық базадағы бар желісі

мен өндірістік әлеуетін қолдауға және дамытуға бағытталады.

Бағдарламаның бірінші кезеңі ішінде поча байланысы басым міндет болады және мұнада:

- EDIFACT стандартындағы электрондық құжаттық айналымның жүйесін әзірлеу және енгізу;

- "Халықтық Банкпен" бірлесіп, кіші процессорлы пластикалық карталар негізінде ақшасыз есеп айырысу лар жүйесін құру;

- іздеу және басқа да ақпараттық қызметтер көрсететін өз сервері бар ақпараттық-талдау Интернет орталығын құру;

- поча арналары бойынша тауарларды жеткізу арқылы электрондық сауда жүйесін құру іс-шараларының жүзеге асырылуымен сипатталады.

Ақпараттық жүйенің модульдік құрылышы келешекте елеулі шығындарсыз өндеуге, жаңаларды қосуға және бар автоматтық жүйелерді жетілдіруге мүмкіндік береді.

2000-2001 жылдар ішінде халықаралық поча жөнелтілімдері бойынша мәліметтерді жинау және өндеудің автоматтандырылған жүйесі енгізіледі. Мұндай жүйені енгізу күн сайын транзиттік, келіп түсетін және жіберілетін халықаралық поча жөнелтілімдері, олардың саны туралы ақпарат алуға, олардың жолын және өту мерзімдерін бақылау жүргүре мүмкіндік береді.

Бұдан әрі, халықаралық поча жөнелтілімдерін бақылау модулі негізінде барлық тіркелетін поча жөнелтілімдерін толық бақылау модулі құрылады, онда Батыс Еуропа национальный поча әкімшілігінің талаптарына сәйкес кесетін машина оқытын реквизиттерді пайдалану мүмкіндігі көзделетін болады.

Мәліметтерді өндеуді компьютерлеу және автоматтандыру қаржылық және өндірістік есепке алудың қазіргі технологиясын енгізуге, уақытылы басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті жедел есеп беруді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бухгалтерлік және басқарушылық есептің автоматтандырылған жүйесі құрылатын болады, ол қаржы жағдайы мен поча жүйесінің барлық бөлімшелері мен филиалдарында өндірістік қызмет туралы жедел ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Көлік паркін жаңарту, инкассация және күзет қызметін дамыту

Ұлттық поча желісінің көлік паркі қазіргі уақытта моральды және физикалық тозған және жедел жаңартуды қажет етеді. Онсыз поча жөнелтілімдерін алудан орталықтары мен ауылдық елді мекендерге жеткізуге кепілдік беру, поча байланысы операторының қаржылық жағдайын түбекейлі жақсарту мүмкін емес, өйткені ескірген паркті ұсташа арналған шығындар қазіргі заманғы техниканы ұсташа шығындарынан жоғары.

Жалпы пайдаланымдағы поча байланысы желісі операторының құндылықтарды

инкасациялау бойынша қызметке арналған лицензиясы болады, оның облыстық филиалдарда қолма-қол ақшаларды инкасациялау, құндылықтарды тасымалдау және Қазақстан Республикасының барлық аумағы бойынша бағалы жүктерді алғып жүру жөніндегі қызметтер көрсететін инкасациялау қызметтері ұйымдастырылған; құндылықтарды Қырғызстанға және Ресейге тасымалдау, сондай-ақ шет елден түсетін құндылықтарды қарсы алу, ресімдеу және алғып жүруі мүмкін.

2000 жыл ішінде "Халықтық Банк" автокөлік пен жабдықтарды қоса алғанда инкасация қызметінің кешенін беру жоспарланып отыр. Бұдан басқа пошта байланысын жетілдіру жобасын іске асыру шеңберінде "Қазпочтандық" қалалық филиалдары үшін арнайы автокөлік және өзге де техника сатып алу туралы мәселе шешіледін болады.

Көрсетілген іс-шаралар қызмет көрсетудің осы түрінің жаңа тұтынушыларын тарту есебінен қолма-қол ақшаларды тасымалдау көлемін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа қызмет көрсетулердің спектрін кеңейту және енгізу

Почтандық әлеуетті мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында агенттік қызмет көрсетулер желісін құру, дамыту және бар қызмет көрсетулерді жандандырудың қатарында олардың мынадай жаңа түрлерін енгізу:

- "Почтажабдықтау" еншілес кәсіпорнының базасында электрондық коммерция жүйесін ұйымдастыру;

- тапсырыс бойынша жолданым саудасы жүйесінің шеңберінде сервистік қызмет көрсетулерді ұсынумен "Тауарлар - почтамен" каталогы бойынша сауданы дамыту және ұйымдастыру;

- почта лотереясын шығару;

- салықтар мен міндетті төлемдерді төлеу бойынша жеке және заңды тұлғалардан төлемдер қабылдау;

- салымшыларды шарт жасасуға тарту және зейнетақы жинағы туралы хабарландыруды жеткізу бойынша зейнетақы қорларына агенттік қызмет көрсету;

- бағалы қағаздарды портфельмен және жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық қызметті жүзеге асыратын банктермен, сақтандыру ұйымдарымен, брокер-дилерлермен, ұйымдармен және өзге де банктік емес қаржы мекемелерімен ынтымақтасу ұсынысы жоспарлануда.

Почта жарнамасы саласында ұсынылатын қызмет көрсетулер көлемін айрықша арттырып жоспарланып отыр.

EMS Kazpost курьерлік қызметін құру және дамыту

EMS Kazpost курьерлік қызмет құру бағдарламасын іске асырудың бірінші

кезеңінде EMS халықаралық кооперативте толық құқылы мүшелігіне және оның іс-шараларына қатысу, шетелдік почта әкімшіліктерімен және компанияларымен шарт жасасу, филиалдарда курьерлік қызметті ұйымдастыру, әуежайларда жедел-жөнелтілімдерді өндөу участекерін ұйымдастыру, курьерлік почтаны қайта жөнелту бойынша авиакомпаниялармен шарт жасасу, шетелге жолданған жөнелтілімдер үшін сақтау (штрих кодтар) жүйесін әзірлеу және енгізу, бірыңғай фирмалық стильді, курьерлік нысанның логотипін енгізу арқылы қол жеткізу жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздаррында брокерлік қызметті жүзеге асыру және
трансфер-агенттің қызмет көрсетулерін ұсыну

Қазіргі кезде "Қазпочта" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының лицензиясын иелене отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздардың бірінші және екінші рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырады.

Почта-жинақ жүйесін дамытудың бірінші кезеңінде почта саласының техникалық және ақпараттық қайта жарапталуы процесімен өзара байланысты клиент-инвесторлардың занды тұлғалардың есебінен сияқты жеке тұлғалар да санының ұлғаюы болжады.

"Қазпочта" Қазақстан Республикасының бағалы қағаздаррында трансфер-агент қызметін көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының лицензиясын алуды жүзеге асыру жоспарлануда. Қазақстанның облыс орталықтары мен ірі қалаларындағы "Қазпочта" бөлімшелерінің базасында компьютерлендірудің алғашқы кезеңінде аяқталуы бойынша құнды қағаздаррында әрекет етіп әртурлі қаржы институттарының арасында және олардың клиенттерімен құжаттарды қабылдау-тапсыруды жүзеге асыратын ұйымдардың филиалдарын, сондай-ақ жеке тұлғаларға бағалы қағаздармен мәмілені жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құнды қағаздарды сатып алу-сату пункттерін ашу жоспарлануда. Бұдан басқа Қазақстанның облыс орталықтары мен ірі қалалардың "Қазпочта" бөлімшелерінің қызметшілерін Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының біліктілік куәлігін алу арқылы бағалы қағаздаррындағы жұмыстар үшін мамандарды оқытуды ұйымдастыруға және жүргізуге рұқсаты бар оқу орталықтарында оқыту бағдарламасын іске асыру жоспарлануда.

Кадрларды қайта даярлаудың көп деңгейлі бағдарламасын жүзеге асыру

Қызметкерлерді оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру - бұл пошта қызметкерлерінің кәсіби дамуының және оның сапалық сипатын жақсартудың негізгі ж о л д а р ы .

Жоғары және орта деңгейлі қызметкерлер жылына бір рет Алматы қаласының жоғары оқу орындарындағы, ТМД қалаларының оқу орталықтарындағы оқу бағдарламасы шеңберінде біліктіліктерін арттырады, ал жоғары деңгейлі қызметкерлер халықаралық орталықтарда оқудан өтеді. Сала мамандарының Қытай, Германия, Франция, Жапония, Швейцария және жекелеген елдермен - Әлемдік почта одағы мүшелерімен ынтымақтастық туралы жасалған келісім шеңберінде басқа да елдерде тағы лы мадам даң

Алматыда филиалдардың орта буын және пошта байланысы операторының орталық аппаратының қызметкерлері үшін оқу орталығы құрылатын болады, онда қызметшілердің қазіргі қаржы қызмет көрсетулерін, жаңа пошта қызмет көрсетулерін, жаңа техника мен технологияны игеру жөніндегі оқу курстары ұйымдастырылатын б о л а д ы .

Почтаның тармақталған аймақтық желісі болғандықтан, төмен және орта буынды қызметкерлерін даярлау қызметшілермен жұмыс жөніндегі басқару бағдарламасына сәйкес дайындау жөніндегі аймақтық орталықтарда жүргізілетін болады. Бұл бағдарламалар почта қызметінің барлық салалары бойынша әзірленетін болады және қазіргі үрдістерді ескере отырып жаңартылатын болады. Біліктілікті арттыруды Алматы қаласында немесе шетелдерде оқудан өткен облыстық филиалдардың қызметкерлері, сондай-ақ орталық аппарат қызметкерлері жүзеге асыратын болады.

"Халықтық Банкпен" бірлескен халыққа қаржылық қызмет көрсетулер саласында тартылған қызметшілерді оқыту жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Почта қауіпсіздігінің жүйесін жетілдіру

Почта байланысын дамытудың маңызды бағыты почта қауіпсіздігі жүйесін жетілдіру болып табылады. Почта қауіпсіздігі техникалық құралдар кешенін, үйымдастырушылық рәсімдерді, кадрларды іріктеу жүйесін және басқа да:

- почта жөнелтілімдерінің сақталуын;
- азаматтардың маңызды конституциялық құқығы болып табылатын хат алмасу

- қауіпті салымдарды табуды;
- почта байланысының желісін сырттан енуден қорғауды;
- почта қызметкерлерінің, сондай-ақ почта қызмет көрсетулерін пайдаланушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін іс - шаралардан тұрады .

Халықаралық пошта байланысы стратегиясын анықтай отырып, Әлемдік пошта одағы "Қауіпті тауарлар" арнайы бағдарламасын өзірледі, оның жұмысы (жолдама зат, бандерольдер, шағын пакеттер мен хаттар және т.б.) жарылғыш құрылғылармен, қарумен, оқ-дәрілермен, радиоактивті көздермен және басқа да қауіпті салымдары бар пошта жөнелтілімдерін табу жоспарында құрылады. Халықаралық статистика көрсеткендегі жыл сайын пошта қауіпсіздігінің бөлімшелері 120 астам жарылғыш құрылғылармен пошта жөнелтілімдерін белгілейді. Тек АҚШ-та жыл сайын 80 осындай жолдама заттар мен бандерольдер табылады.

Соңғы жылдары халықаралық терроризмнің проблемасы шиеленісіп кетті және осының салдары ретінде Орталық Азия елдері арқылы оқ-дәрілер мен қару-жарақ тасымалдауға тырысу саны өсті. Есірткі сатушылар Қазақстанды есірткі тасымалдауға арналған транзиттік бағыт ретінде пайдалана бастады. Қазақстан шекарасының ашиқтығы қауіпті жүктөрді өткізу үшін елдің көліктік және пошталық желісін пайдалануға қылмыстық "экспедиторларды" тартады. Осы фактілер пошта қауіпсіздігінің жүйесін жетілдірудің табанды қажеттілігін растайды.

Почта жөнелтілімдерінің қауіпсіздігі клиент үшін бәсекелестік күрестегі факторлардың бірі болуда. Тек қажетті экономикалық және техникалық әлеуетті менгерген ірі пошта ұйымдары қазіргі жоғары деңгейдегі пошта қауіпсіздігінің жүйесін үйімдастыра

қабілетті.

Почта қауіпсіздігін нығайту мақсатында халықаралық озық тәжірибелі зерделеу, қазіргі заманғы әдістерді тарату және ішкі пошта желісін қарудың, оқ-дәрілердің және басқа да қауіпті тауарлардың заңсыз айналымы үшін пайдаланудың жолын кесу мақсатында барлық аймақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қазіргі заманғы құралдарды енгізу, пошта жөнелтілімдерінің сақталуын арттыру қажет.

Почта желісін ақпараттандыру қажетті, бірақ пошта қауіпсіздігінің қазіргі заманғы жүйесін құруға жеткіліксіз жағдай болып табылады. Арнайы жабдықты сатып алу және бағдарламалық қамтамасыз ету, пошта жөнелтілімдерінің өтуін бақылау және қауіпті салымдарды табудың қазіргі әдістерін оқыту қажет. Бұл іс-шаралар белгілі бір шығындарды және оларды қаржыландыру көздерін іздеуді талап етеді. Бірінші кезеңде Әлемдік пошта одағының Халықаралық бюросының және шетелдік пошта әкімшіліктерінің көмегімен Қазақстанда пошта қауіпсіздігінің қазіргі заманғы қызметін құру жобасы өзірленетін болады, одан соң жобаны іске асыруды қаржыландыру

көздерін іздеу басталады.

Қазіргі заманғы техникалық құралдармен жарақтанған, білікті кадрлармен толықтырылған пошта қауіпсіздігінің ішкі қызметі пошта желісінің сенімділігін қамтамасыз етеді. Почта қызметін кез келген пайдаланушы хаттардың, жолдама заттардың, бандерольдердің және басқа да пошта жөнелтілімдерінің сақталатынына сенімді болуы тиіс, сонымен бірге,

оның хат алмасу құпиялышың құқығын ешкім бұзбайды.

Бірінші кезеңнің міндеттерін іске асырудың нәтижесі қызмет көрсетудің сапасы мен спектрі болып табылады. Кірістердің өсуі және ұсынылатын қызмет көрсетулердің өзіндік құнының төмендеуі саланы рентабельділік тұрақтылық деңгейіне шығарады.

Екінші кезең (2002-2003 жылдар)

Компьютерлік және бағдарламалық қайта жарақтандыруды аяқтау.

Жалпы респубикалық ақпараттық желі құру.

Қызмет көрсетулердің жаңа түрлерін енгізу.

Екінші кезенде саланың барлық бөлімшелерін компьютерлендіру базасында өндірістік қызметті толық автоматтандыру жүзеге асырылатын болады.

Техникалық жаңғыртуды аяқтау және шағын автоматтандырудың қаражатын пайдалану поча жөнелтілімдерін есепке алу және бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізуге мүмкіндік береді. Жүйе машина оқитын реквизиттерді, жөнелтілімдерді таңбалашу және іріктеу үшін тану тетіктерін пайдаланумен құрылатын б о л а д ы .

Жазбаша хат-хабарлардың өтуін едәуір жеделдешу арқылы байланыс тораптары арасында электронды түрде берілетін гибридті поча деп аталатынды пайдалана отырып, қол жеткізуге болады. Бұл ретте құпиялышыққа техникалық құралдарды пайдалану арқылы және хаттарды беру тізбегінде қол енбегінің болмауымен қол ж е т к і з і л е д і .

Почта-қаржы ұйымында поча жүйесін өзгертуді аяқтау

Почта жүйесінің базасында Қазақстанның барлық аумағында қаржылық қызмет көрсетулердің кең спектрін ұсынуға қабілетті почта-қаржылық институтын құру а я қ т а л а т ы н б о л а д ы .

Халықтан депозиттер қабылдау жөніндегі пункттер желісі кеңейтілетін болады.

"Қазпочта" бөлімшелерін компьютерлендіру және барлық бөлімшелерді қамтитын ақпараттық желіні құру нәтижесінде клиенттің "Қазпочта" бөлімшелерінің көпшілігіне қазіргі заманғы технологиялық деңгейде қаржылық қызметтер алуға мүмкіндігі болады.

Почтаның жұмыс істеу тиімділігін әрі қарай арттыру мақсатында почта-жинақ жүйесін дамытуға "Халықтық Банкті" жекешелендіруден түсетін қаражаттың бір

бөлігін беру мүмкіндігі қаралады.

Жинақтық қызмет көрсетулер рыногында поча Республиканың жүйе құрушы банктерінің үлесімен салыстыратында секторды алады.

EMS Kazpost курьерлік қызметін дамыту

EMS Kazpost курьерлік қызметі жұмысындағы басым бағыт, оны жандандыру және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру болып табылады. Осыған байланысты мынадай:

- Қазақстан бойынша EMS Kazpost курьерлік қызметінің жүйесін автоматтандыру;

EMS халықаралық кооперативінің жүйесіне сәйкес келетін бақылаудың компьютерлік жүйесін енгізу міндеттері шешіледі.

Бағалы қағаздаррында трансфер-агенттің қызмет көрсетуі бойынша желілерді
әрі қаралай дамыту

"Қазпочтаның" ірі бөлімшелерінде тиісті қызметшілерді даярлаумен бағалы қағаздаррында трансфер-агенттің қызмет көрсетулері бойынша желілерді әрі қаралай кеңейту көзделуде.

Оңтайлы әлемдік почта сыйбасының орталық-азиялық секторын құру

Қазіргі кезде почта сыйбасы, бағыттар картасы негізгі іріктеу пункттерінің орналасуы мемлекеттер шекараларының шегінде оңтайландырылған. Бұл почта операторларының шығынын ұлғайтады, қызмет көрсетулер құнын арттырады және жеткізу мерзімін ұзартады.

Әлемдік почта сыйбасының орталық-азиялық секторын әзірлеу және іске асыру барлық қатысушы мемлекеттердің почта желісінің тиімділігін едәуір жоғарылатады, клиенттер почтаны жеделірек және төмен тариф бойынша алу мүмкіндігін алады.

Осы Бағдарламаны іске асырудың нәтижесі халыққа жоғары жылдамдықпен және ақпараттар мен төлемдердің өту сапалылығымен, жинақ-ақшалардың сақталуымен, қаржылық өнімдердің, сондай-ақ халыққа арналған тауарлар мен басқа да қызмет көрсетулердің кең номенклатурасымен қазіргі деңгейде байланыстың кең спектрлі қызметін, қаржылық және өзге де қызметтерді көрсететін, Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы почта кеңселерінің тармақталған желісі пайда болуы болып табылады. Бұл ретте жоғары қаржылық тұрақтылық және тәуелсіз отандық және халықаралық операторлармен бәсекелесу жағдайында компания-почта байланысы операторының рентабельді жұмысы қамтамасыз етілетін болады. Қазақстан Республикасының халқы үшін бұл өмір сапасының жоғарылағанын және азаматтардың конституциялық құқығының аса толық іске асқанын білдіреді.

Қажетті ресурстар және оларды қаржыландырудың көздері

"Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын" қаржыландыру Ислам Даму Банкінің қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен 12 жыл мерзімге, оның 3 жылы жеңілдік, жылына 5,5% жалпы сомасы 9 миллион АҚШ долларына қаржыландыру жоспарлануда.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Почта саласы мемлекеттің ақпараттық және әлеуметтік инфрақұрылымының аса маңызды компоненттерінің болып табыла отырып, азаматтардың ақпаратты алуға, таратуға және беруге конституциялық құқығын қамтамасыз етеді. "Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін қалыптастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын" іске асыру халықтың еркін ақшалай қаражатын тарту үшін жаңа қаржылық қызмет көрсетулерді, қазіргі заманғы технологияларды және алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін пайдаланумен, тиімді почта-жинақ жүйесін қалыптастыру жолымен почта байланысының бар желісін сақтау мен жетілдіруге, республика халқына дәстүрлі почталық қызметті тез және сапалы көрсетуге жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бағдарлама, сондай-ақ ауылдық жерлерде зейнетакы реформасын дамытуды және сақтандыруды көздейді. Экономиканың осы саңылауды аяғына дейін игерілмей қалып отыр, ол почта саласын игеруге және дамытуға артықшылық береді. Сондай-ақ Бағдарламаны іске асыру респубикалық бюджеттен қаражат тартпай, халықаралық почтаны жеткізу жылдамдығына және сапасына кепілдік береді.

Бағдарламада көзделген іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы почта саласының қаржылық жағдайын және рентабельділігін тұрақтандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. "Қазақстан Республикасының почта саласын дамытудың және почта-жинақ жүйесін

қалыптастырудың" 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасын" іске асыру кезінде Қазақстанның почта байланысы Қазақстан Республикасының барлық аумағын іс жүзінде жабатын Қазақстанның кез-келген азаматын почта және жинақ қызметтерімен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар кең филиалдық желісі мен қуатты жеткізіп беру жүйесіне ие болады.

2000-2003 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының почта саласын дамыту және почта-жинақ жүйесін қалыптастыру бағдарламасының бірінші кезеңін іске асырудың 2000-2001 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Пайдаланылған қысқарған атаулар

- Қазпочта - "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы
- ҚарМ - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
- МКМ - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі
- ККМ - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
- ЕХКМ - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- СИМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
- ӘдМ - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
- ЭкМ - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі
- ЭИСМ - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
- ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
- ҰҚҚ - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
- МБА - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесі қолдау жөніндегі агенттігі
- КК - Қазақстан Республикасының Кеден комитеті
- БҚҰК - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
- КASE - "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы
- БЕКО - "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Банкаралық есеп айырысулатының қазақстандық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны
- Үкімет қаулысы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы
- Президент Жарлығы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы
- "ҚҰБ" ААҚ - "Қазақстан Ұлттық Банкі" ашық акционерлік қоғамы
- ЕМС Қазпост - Қазпочтаның жедел почта қызметі

N !

! нысаны ! жауаптылар ! мерзімі

1. Нормативтік құқықтық базаны дамыту. Салық және кеден заңнамаларын жетілдіру

1.1 "Почта туралы" заң жоба. "Почта туралы" ККМ, МБА, ӘдМ, 2000 ж. сын әзірлеу және Қазақстан Заңның жобасы Қазпочта IV-тоқсан, Республикасы Үкіметінің (келісім 2001 ж. қарауына енгізу бойынша) I-тоқсан

1.2 "Табиғи монополиялар ту. "Табиғи моно. ККМ, МБА, ӘдМ, 2000 ж. ралы" Қазақстан Республикасының Заңына, ондағы ралы" ҚР почта байланысының қызы. Заңына өзге. бойынша) мет көрсетулерін табиғи рістер енгізу монополия саласына жат. туралы" Заңы қызуды алып тастай оты. рып, өзгерістер енгізу

1.3 Халықаралық пошталық Бүйрық

КедК, МКМ, 2000 ж.
жөнелтілімдерді, атап ККМ, ӘдМ III-тоқсан,
айтқанда ЕМС Қазпост IV-тоқсан
жөнелтілімдерін кедендік
тексеру тәртібін жеңіл.
дету

1.4 Қазақстан Республикасының Нұсқаулық МКМ, ККМ IV-тоқсан
кедендік шекарасы арқылы
халықаралық пошта жөнел.
тілімдерінде орын ауысты.
ратын тауарларды кедендік
рәсімдердің өтуін жедел.
дету және халықаралық
пошта жөнелтілімдерінің
сақталуын қамтамасыз ету

бөлігіне өзгерістер енгізу

1.5 Президенттің "Лицензиялау "Лицензиялау ККМ, ӘдМ 2000 ж.
туралы" 1995 жылғы 17 туралы" Қазпочта III-тоқсан,
сәуірдегі Заң күші бар Қазақстан (келісім IV -тоқсан
N 2200

Z952200_

Жарлығына Республикасының бойынша)
курьерлік қызмет көрсету. Заңына өзгеріс.
лерді лицензиялауға қатысты тер енгізу
өзгерістер енгізу туралы" Заңы

1.6 Алдағы 2000-2003 үш жылдық Үкімет қаулысы ЭкМ 2000 ж.
кезеңге арналған мемлекет. III-тоқсан,
тік инвестициялар бағдар. IV-тоқсан
ламасына почта саласын
жетілдіру жобасын енгізу

1.7 Депозиттер қабылдауға Лицензия ҚР ҰБ
лицензия алу, аудандық (келісім 2000 ж.
маңыздығы қалаларда және бойынша) IV-тоқсан
ауылдық жерлерде есеп
айырысу-кассалық қызмет
көрсетулерді ұйымдастыру
мақсатында заңды және
жеке тұлғалардың, сондай-ақ
төлем жүргізуі почта байла.
нысы арқылы жүзеге асыры.
латын есеп айырысу-кассалық
қызмет көрсетулерді
ұсынатын ұйымдардың
банктік шоттарын ашу және
жүргізу туралы мәселені
қарау

1.8 Беларусь Республикасы, Тиісті СИМ 2000 ж.
Қазақстан Республикасы, құжаттар IV-тоқсан

Қырғыз Республикасы, Ресей
Федерациясы мен Тәжікстан
Республикасы Кеден одағының
Интеграциялық Комитетін,
Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығының Атқарушы
Комитетін және Орталық-Азия
Экономикалық Қауымдастыры
Мемлекетаралық Кеңесінің
Атқарушы комитетін белгіленген
тәртіппен Қазақстан Республика.
сының кедендік тарифіндегі
өзгерістер туралы хабардар ету

-
- 1.9 "Қазақстан Республикасының Үкімет МТМ, ККМ, 2000 ж.
кеден шекарасы арқылы жеке қаулысы Қазпочта IV-тоқсан
тұлғалардың тауарларды, соның (келісім
ішінде көлік құралдарын да бойынша)
өткізудің тәртібі туралы"
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы 31 жел.
тоқсандағы N 1712

P961712_

қаулысына Қазақстан
Республикасының кеден шекарасы
арқылы жеке тұлғалардың
тауарлар өткізудің алып өту
тәртібі туралы ережеге
қатысты бөлігіне өзгерістер
енгізу

-
- 1.10 Арнаулы байланыс қызметінің Бірлескен ҚР ККМ, ҚР 2000-2001жж.
Қазақстан Республикасында бұйрық IIМ Қазпочта

мемлекеттік органдардың ерекше (келісім

манызды хат-хабарларын және бойынша)
қымбат металдар, зергерлік
бұйымдар, аспаптар, аппаратуралар
мен қорғаныс өнеркәсібінің
құрастыруши бұйымдары бар арнаулы
жөнелтімдерін, сондай-ақ мемлекеттік
құпияны құрайтын мәліметтерді және
оларды тасығыштарды автомобильдермен
тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулықты әзірлеу

1.11 Қазақстан Республикасының "БПБ құжат. СІМ, ККМ, 2000 ж.
делегациясы қол қойған тарын бекіту Қазпочта IV-тоқсан
22-Әлемдік почта конгресінің туралы" Заңы (келісім
қорытынды құжаттарын бойынша)
бекітуге ұсыну

1.12 Өткен жылдардың салықтар мен Өткен жылдар. Қазпочта 2000 ж.
басқа да төлемдер бойынша дың салықтар (келісім IV-тоқсан
бюджетке берешектерді мен басқа да бойынша) 2001 ж.
өтеу кестесін дайындау төлемдер МКМ, ҚарМ, I-тоқсан
бойынша бюд. ККМ
жетке берешек.
терді өтеу
кестесі

2. Компьютерлік және бағдарламалық қайта жараптандыру

2.1 Почта желілерін компьютер. Жүйені қабыл. Қазпочта 2001 ж.-
лендіру жүргізу және Қазпочта. дау актісі (келісім 2002 ж.
ның ақпараттық желісін пай. бойынша)
далануға беру

3. Көлік паркін жаңарту. Почталық тасымалдаулар құрылымын дамыту

3.1 Қазпочтаның филиалдары үшін Жабдықтаушы. Қазпочта 2000 ж.
инкассация қызметіне арналған лармен және (келісім
арнайы сауытты автомобильдерді мердігерлер. бойынша)
жабдықтау үшін тендер өткізу мен келісім-

және жабдықтаушылар мен шарт
мердігерлерді анықтау

3.2 "Байқоңыр" кешенін пайдалан. Автомобиль. ЭкМ, ККМ, 2000 ж.
ғаны үшін жалдау ақысын өтеу дер бөлу СИМ II-жарты
есебіне Ресей ұсынып отырған жылдығы
тізбеден (ол белгіленген
тәртіппен бекітілгеннен кейін)
жаңа автокөлік бөлу

3.3 Бір жолғы тапсырыстар бойынша Шарттар мен ККМ, СИМ, 2000 ж.
Қазпочтаның поча вагондары. келісімдер Қазпочта
ның таяу және алыс шет елдер жасасу (келісім
теміржол магистралдары арқылы бойынша)
жүру тәртібін белгілеу

4. Қаржылық қызмет көрсетулерді дамыту

4.1 "ҚХБ" ААҚ-ның аудандық филиал. "ҚХБ" ААҚ "ҚХБ" ААҚ 2000 ж.
дары мен оларға бағынышты банк акционерлер. (келісім III-тоқсан,
бөлімшелері деңгейіндегі інің жалпы бойынша) IV-тоқсан
филиалдық желісінің бір бөлі. жиналышында Қазпочта
гін, сондай-ақ ғимараттарды, бекітілген (келісім
құрылыштарды, жабдықтарды, тәртіпке бойынша)
өзге де негізгі құралдар мен сәйкес
мұқаммалды, оның ішінде өтел. тапсыру
ген төлемдік технологияларды туралы шарт
және салымдар мен төлемдерді
автоматтандырылған есепке алу
жүйелерін Қазпочтаға беруді
жүзеге асыру

4.2 Көлік-коммуникациялық кешен Жалақы және ККМ, 2000 ж.
кәсіпорындарының қызметкер. басқа да Қазпочта
леріне жалақылары мен басқа ақшалай (келісім IV-тоқсан
да ақшалай төлемдерді төлеу төлемдерді бойынша)
бойынша функцияларды Қаз. төлеу
почтаның почта-жинақ филиал.
дық желісі арқылы беруді

жүзеге асыру

4.3 ҚР ҰБ лицензиясы негізінде Есеп айырысу- Қазпочта 2000-2001
аудандық маңыздағы қалалар мен кассалық (келісім жж.
ауылдық жерлерде занды тұлға. қызмет бойынша)
ларға есеп айырысу-кассалық көрсетуді
қызмет көрсетулерді ашу
ұйымдастыру

4.4 Электр қуаты үшін төлемдерді, Төлемдерді ЭИСМ, МКМ, 2000-
коммуналдық төлемдерді, жергі. жинау облыстар 2001
лікті және республикалық мен қалалар жылдар
бюджеттерге төленетін салық. әкімдері
тарды Қазпочтаның почта-жинақ (келісім
филиалдық желісі арқылы бойынша)
жинауды ұйымдастыру Қазпочта
(келісім
бойынша)

5. Трансфер-агенттік желіні қалыптастыру

5.1 Қазақстан Республикасының Лицензия БҚҰК 2000 ж.
бағалы қағаздаррында (келісім III-тоқсан
трансфер-агенттік қызмет бойынша),
көрсетулер жөніндегі қызметті Қазпочта
жүзеге асыруға БҚҰК лицензиясын (келісім
алу бойынша)

5.2 Қазпочта мен оның бөлімше. Нормативтік БҚҰК 2000 ж.
лерінің бағалы қағаздар құжаттар мен (келісім IV-тоқсан
рыногында трансфер-агенттік нұсқаулар бойынша)
қызмет көрсетулер жөніндегі
қызметтің ішкі регламентін
әзірлеу

5.3 Облыс орталықтарында орналас. Бағалы БҚҰК 2000 ж.
қан Қазпочта бөлімшелерінің қағаздарды (келісім IV-тоқсан
базасында бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша),
сатып алу-сату жөніндегі бойынша KASE

пункттерді ашуға дайындықты, пункттерін (келісім оларды компьютерлік және жұмыс істеуге бойынша), техникалық қамтамасыз етуді функционалдық Қазпочта жүзеге асыру дайындық (келісім бойынша)

5.4 Қазақстанның ірі қалалары мен Семинарлар БҚҰК 2000 ж. облыс орталықтарында орналас. өткізу (келісім III-IV- қан Қазпочта бөлімшелерінің бойынша), тоқсан қызметшілерін мамандарды Қазпочта бағалы қағаздаррында (келісім жүмыс істеу үшін оқытуды бойынша) үйымдастыру және жүргізу күкіртке рұқсаты бар оку орталықтарында, кейіннен БҚҰК-ның біліктілік күйінде. терін алатындей етіп оқытуды қамтамасыз ету

5.5 Қазпочта бөлімшелерінің Жалпы респуб. МБА 2000 ж. базасына МБА есеп айырысу- ликалық транс. (келісім IV-тоқсан техникалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жалпы фер-агенттік бойынша), желінің БҚҰК жүмыс істеуі (келісім агенттік желінің бастапқы бойынша), жүмыс істеуін қамтамасыз ету Қазпочта (келісім бойынша)

Ескерту. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.29. N 408 қаулысымен.

P010408_

Ескерту. Бағдарлама өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.26. N 1696 қаулысымен.

P011696_

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Шарипова М.Е.